**«Дәнеш Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармониясы» МКҚК қызметкерлерінің жиналысы**

**Жиын ХАТТАМАСЫ № 3**

2025 жылғы 30 маусым — Талдықорған қаласы

Жиналысты «Дәнеш Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармониясы» МКҚК директоры Джексембаев С.Ж. өткізді, жиналысқа филармонияның барлық жауапты қызметкерлері шақырылды.

Жиналыс барысында сөз «Дәнеш Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармониясы» МКҚК комплаенс-офицері С.Д.Бекназаров-қа беріліп, ол қатысушыларды филармония қызметкерінің өзін-өзі ұстау тәртібімен және мемлекеттік орган лауазымды тұлғалары тарапынан сыбайлас жемқорлық (пара талап ету) фактілеріне тап болған жағдайда ол туралы хабарлау тәртібімен таныстырды.

Өз сөзінде С.Д.Бекназаров қатысушыларға сыбайлас жемқорлық, атап айтқанда пара беру фактілерімен бетпе-бет келген жағдайда қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндірді. Ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – әрбір азаматтың міндеті екенін атап өтті және Антикоррупциялық қызметтің квазимемлекеттік сектордың комплаенс қызметтері алдына қойған міндеттерін түсіндірді.

С.Д.Бекназаров жиналыс қатысушыларына халықтың, сондай-ақ филармонияның қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын арттыру – комплаенс қызметінің басты басымдықтарының бірі екенін жеткізді.

Сондай-ақ, С.Д.Бекназаров филармония қызметкері немесе оның туыстары мемлекеттік орган лауазымды тұлғалары тарапынан пара талап ету фактілеріне тап болған жағдайда өзін қалай ұстау керектігін нақтылап айтты. Әңгіме кезінде неге назар аудару керек, лауазымды тұлғаның талап еткен ақша, мүлік немесе қызметті беруді кейінге қалдыру қажеттігі, кімнің қандай қызмет атқаратынын және не үшін ақша, мүлік немесе қызмет сұрағанын есте сақтау қажет екенін түсіндірді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық туралы қашан, қалай, қайда және кімге хабарлау керек екенін де түсіндірді. Жиналыс қатысушыларына Антикоррупциялық қызметтің CALL-ОРТАЛЫҒЫНЫҢ нөмірі – **1424** хабарланды, бұл сыбайлас жемқорлыққа тап болған жағдайда уақтылы жүгіну үшін қажет.

**Жиналыс төрағасы:** — **С.Ж. Джексембаев**

**Хатшы:** — **Б.Т. Төлеухан**